

Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сертификаттау, сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа қосымша берілген құжаттар тізбесі мен Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 86 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3628. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 79 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.02.11 N 79 Бұйрығымен.

"Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1187 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сертификаттау, сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа қосымша берілген құжаттар тізбесі;

2) Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Наурызәлиевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті
Төрағасының 2005 жылғы

**Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды
арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету
жөніндегі қызметтерді сертификаттау,
сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу
немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа қосымша
берілген құжаттар тізбесі**

1. Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі сертификат алу үшін өтінімге келесі құжаттар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасы сертификаттауының мемлекеттік жүйесіне сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, жеке тұлға үшін жеке куәлік немесе төлқұжат көшірмесі, және заңды тұлға ретінде құрылмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжат көшірмесі;

3) өтінім берушінің құрылтай құжаттары (кәсіпорынның заңды дербес ретінде жарғы көшірмесі немесе азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі сертификатталатын қызмет құрамына кіретін ұйым жарғысының көшірмесі;

4) жер учаскесін пайдалану құқығының актісі;

5) санитарлық және экологиялық қадағалаудың мемлекеттік органдарының қорытындысы;

6) автокөлікті, жеке құрамының міндетті түрлерін бекітетін сақтандыру полистері;

7) үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық жауапкершіліктің сақтандыру полистері;

8) арнайы техникасы мен жабдықтарын (егер олар болған жағдайда) жалға алу келісімдерінің тізімі мен көшірмелері;

9) метрология жөніндегі органмен келісілген міндетті түрдегі метрологиялық тексеруге жататын өлшеуіш құралдарының тізімі;

10) өлшеуіш құралдарын соңғы мемлекеттік тексеру актісі;

11) Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі басшылық;

12) арнайы техника мен әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жүргізілетін құжаттардың, жоспарлардың, журналдардың тізбесі;

- 13) нормативтік және басшылық құжаттардың тізбесі;
- 14) әуежай басшысымен бекітілетін және қондыру (құрылыс және қайта жөндеу), сондай-ақ арнайы көлік қызметінің өндірістік-техникалық базаның барлық элементтерін жабдықтау бойынша негізгі құжат болып табылатын (өндірістік-техникалық базаның даму (әуежайдың бас жоспарының бөлшегі болып табылатын) жоспары;
- 15) арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтар мен қолданыстағы басшылық;
- 16) жұмыстарды жүргізу кезінде өрттік қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар;
- 17) лауазымдық нұсқаулықтар;
- 18) өткізілетін жұмыстар операциясының және сапасын бақылаудың технологиялық картасы;
- 19) ұшу қауіпсіздігін, авиациялық қауіпсіздікті, ұшуды метеорологиялық қамсыздандыруды қамтамасыз ететін әуежай қызметтерімен өзара жұмыс істеу технологиясы;
- 20) әуеайлақта арнайы көлік қозғалысының бекітілген сұлбасы;
- 21) өтінім беруші ұйымның құрылымы;
- 22) технологиялық жабдықтардың, арнайы техниканың, арнайы көліктің және олардың техникалық сипаттарының тізбесі;
- 23) өтінім берушінің инженерлік-техникалық құрамы жөніндегі жинақтық мәліметтер.

2. Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі сертификатқа өзгерістер енгізуге өтініш беруші беретін құжаттар:

- 1) қажетті негіздемелермен ерікті нысандағы өтінім;
- 2) жоғалған немесе ұрланған жағдайда, бұрын берілген Сертификат оригиналы.

3. Осы Тізімнің 1 тармағының 2-23 тармақшаларындағы белгіленген құжаттар өтінімге Сертификаттың телнұсқасын алу үшін қоса беріледі.

4. Осы Тізімнің 1 тармағының 2)-4) тармақшаларында белгіленген құжаттар нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде беріледі.

Осы Тізімнің 1 тармағының 5)-23) тармақшаларында белгіленген құжаттар өтінім беруші ұйымның бірінші басшысымен және мөрмен куәландырылған көшірмелері түрінде беріледі.

5. Өтінім берген кезде ұсынылатын құжаттар кез келген, қарау үшін және пайдалану үшін қолайлы бірізділігінің жинақталуы мүмкін. Осы жағдайда бірінші бетте беттердің нөмірлері белгіленіп ұсынылатын құжаттарының тізімі белгіленеді.

Ұсынылатын құжаттамаларының құрамына енгізілетін барлық материалдар екі данада (уәкілетті орган мен өтінім беруші үшін бір бірден) рәсімделеді.

6. Түзетілген, қолмен немесе машинкамен жазылып түзетілген, қолы және мөр қойылмаған құжаттар қарауға қабылданбайды.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті
Төрағасының 2005 жылғы
26 сәуірдегі N 86
бұйрығымен

бекітілген

**Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды
арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету
жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру
бағдарламасы**

Әуеайлақ пайдаланушысының атауы _____

Тексерілген күні, бұйрықтың N _____

Тексерушілердің Т.А.Ә.а, лауазымы _____

P/c N-i	Бағдарлама бойынша позициялар нөмірлері және тексерілетін элементтер	Сәйкестік бағасы Иә (+) Жоқ (-)	Сәйкес сіздік позиция- сының нөмірі
1	2	3	4
1.	Ұсынылған дәлелдеу болуы және сәйкестігі	құжаттамасы	жиынтығының
1)	Сәйкестік сертификатын алуға өтінім.		
2)	Өтініш берушінің жарғысы (құрылтай шарты).		
3)	Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік.		
4)	Өтініш берушінің (әуеайлақ пайдалану- шысының) ұйымдастырушы- лық құрылымы, штат кестесі, жүктелген функцияларды орындауға жеткіліктілігі.		
	Басшы құрамның және мамандардың (қызметкерлердің)		

5)	міндеттері мен жауап- кершілігін белгілейтін ла у а з ы м д ы қ нұсқаулықтар.		
6)	Еңбек және өндірістік санитария қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар.		
7)	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшы құрам мен мамандар жөніндегі деректер, олардың сәйкестігі.		
8)	Инженерлік-техни- калық құрам, арнайы көлікті, машиналары мен механизмдерін, арнайы жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету б о й ы н ш а мамандар жөніндегі деректер, олардың сәйкестігі.		
9)	Осы қызмет түрлері бойынша қызметі жүзеге асырылатын құжаттардың тізбесі мен бар болуы.		
10)	Осы қызметтерге қатысты бөліктегі ұшуды өндіру жөніндегі нұсқаулықтан үзінді анықталатын мәселелердің толықтығы. Белгіленген талаптарға сәйкестігі және енгі- зілетін өзгерістердің уақтылығы.		
11)	Жеке құрамды, арнайы техниканы, машиналарды және механизмдердің жүргізушілерін (ауыстыру алдындағы медициналық тексеру) медициналық қызмет көрсету.		
12)	Санитарлық-эпидемиоло- гиялық және экология-		

	лық қадағалау мемлекеттік органдарының қорытындысы.		
13)	Ресми хабарланған әуенавигациялық ақпараттағы өзгерістерді, әуеайлақтың техникалық жағдайын, ұшу-қону жолағын, рульдік жолдарды, әуе кемелердің тұрақ орнын жариялау.		
14)	Әуеайлақ, перрон бойынша арнайы техника, арнайы көлік, машиналар мен механизмдер қозғалысын ұйымдастыру.		
15)	Әуеайлақ және оның маңайында қозғалатын көлік құралдарын басқару және олармен байланыс.		
2. Өндірістік база			
1)	Ғимараттардың, құрылыстардың, пайдалану учаскелерінің жай-күйі		
2)	Арнайы көлік қызметі бөлімшелерін орналастыру.		
3)	Арнайы машина тұрағының орны.		
4)	Арнайы машинаны желіге шығару тәртібі.		
5)	Арнайы машинаны пайдалану.		
6)	Арнайы машиналарды пайдалану тәртібі, арнайы көлік қызметінің өзге авиакәсіпорын қызметтерімен өзара қатынасы.		
7)	Арнайы машиналарды қабылдау және беру тәртібі.		
3. Жұмыстарды жоспарлау			
1)	Жүргізушілер жұмысы технологиясының бар болуы.		
2)	Ауысудың медициналық тексеруден өтуі.		

3)	Жұмыс орнында нұсқаулықты тіркеу журналы		
4)	Арнайы машиналар мен өндірістік-техникалық базаны тексеру актілерінің бар болуы.		
5)	Арнайы машиналарды және автомобильдерді желіге шығару журналының бар болуы мен оны жүргізу.		
6)	Әуе кемесіне арнайы машиналардың келуін (кетуін) басқару құқығының куәлігі бар болуы.		
7)	Арнайы көлік қызметінің жұмысын есепке алу жөніндегі нұсқаулықтың бар болуы.		
8)	Арнайы көлік қызметінің жеке құрамының біліктілігін жоғарылату.		
9)	Жүргізушілерді әуеайлақтағы жұмысқа, күзгі-қысқы навигацияға және көктемгі-жазғы навигацияға рұқсат беру.		
10)	Күзгі-қысқы навигацияда және көктемгі-жазғы навигацияда келу және кету бұйрығының бар болуы.		
4. Ақпараттық қамтамасыз ету			
1)	Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі ақпарат (бұйрықтар мен нұсқаулар) түсуінің уақтылығы.		
2)	Нормативтік және басшылық құжаттарының келіп түсуі және оларға өзгерістер енгізу.		
3)	Пайдаланушының жеке құрамға ұшу қауіпсіздігі бойынша бұйрықтар,		

	нұсқаулар мен ақпараттарды жеткізу және зерделеудің уақтылығы.		
5.	Арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру, әуе кемелердің зақымдануды ескерту және жол-көліктік оқиғалар жөніндегі шаралар		
1)	Әуе кемелеріне техникалық және коммерциялық қызмет көрсету кезінде арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру.		
2)	Әуеайлақты пайдаланып күтіп ұстау кезінде арнайы машиналардың жұмысын ұйымдастыру.		
3)	Әуе кемелері ұшып шығуының кідіруінің алдын-алу бойынша шаралар.		
4)	Әуе кемелердің зақымдануының алдын-алу бойынша шаралар		
5)	Жол-көліктік оқиғалар, олардың жіктелуі, алдын-алу және есепке алу.		
6)	Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету		
7)	Арнайы машиналарға техникалық қызмет көрсету түрлері, мерзімділігі және еңбек сиымдылығы		
8)	Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру		
9)	Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау		
10)	Арнайы көлік қызметіне метрологиялық қамтамасыз ету		
11)	Спидометрлерді пломбалау және олардың приводтарын есепке алу жөніндегі журналдың бар болуы мен оны жүргізу.		

Е С К Е Р Т П Е :

(*) осы пайдаланушысы үшін міндетті емес;

(-1) пайдаланушы сертификатын беруге кедергі келтіретін сәйкессіздіктер.

(-2) келісілген мерзімдерде жойған жағдайларда немесе шектеулер енгізілгенде, пайдаланушының сертификатын беруге кедергі келтірмейтін с ә й к е с с і з д і к т е р .

(-3) пайдаланушының сертификатын беруге кедергі келтірмейтін әрі өндірісті және сапа жүйесін жетілдіргенде жоюға болатын сәйкессіздіктер.

**Азаматтық әуе кемелерін және өзге тұтынушыларды
арнайы автокөліктік құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі
қызметтердің сертификаттық тексерудің бағдарламасына
сәйкессіздіктер тізбесі**

(Өтінім берушінің атауы)

Сертификаттық тексерудің бағдарлама- сындағы сәйкес- сіздік пози- циясының N	сәйкессіздіктің сипаттамасы	Ескертпе
1	2	3

Тексерушілер:

(қолы, Т.А.Ә.а)

Таныстым:

(ұйымның басшысы, қолы, Т.А.Ә.а)

С е р т и ф и к а т т ы қ

тексерудің жүргізілген күні: " ____ " _____ 200 ____ ж.